

**Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2003 жылғы 29 сәуірде N 2256 тіркелген, "Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтеріне тарифтер (бағалар, алымдар ставкаларын) және тарифтік сметаларды бекіту туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 19 наурыздағы N 82-НҚ бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 2003 жылғы 14 қарашадағы N 269-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2003 жылғы 12 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 2608. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 19 шілдедегі № 215-НҚ бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 19.07.2013 № 215-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 20 маусымдағы N 1141 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі туралы ереженің 11-тармағының 4) тармақшасына және 20-тармағына сәйкес, Бұйырамын:

1. "Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтеріне тарифтер (бағалар, алымдар ставкаларын) және тарифтік сметаларды бекіту туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 19 наурыздағы N 82-НҚ бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2003 жылғы 29 сәуірде N 2256 тіркелген, "Ресми газетте" 2003 жылғы 15 мамырдағы N 20 жарияланған, Агенттіктің 2003 жылғы 9 қазандағы N 253-НҚ бұйрығымен толықтыру енгізілген, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2003 жылғы 20 қазанда N 2533 тіркелген, "Ресми газетте" 2003 жылғы 8 қарашада N 45 жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтеріне тарифтер (бағалар, алымдар ставкаларын) және тарифтік сметаларды бекіту туралы нұсқаулықтағы:

1) 2-тармақтың 4) тармақшасындағы "4" деген сан "50" деген санмен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2) 9-тармақтағы "11), 13)," деген сандар алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Электр және жылу энергетикасы саласындағы реттеу мен бақылау жөніндегі департаменті (С.П.Григорьева) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Әкімшілік және аумақтық жұмыстар департаменті (Б.Б.Досан) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін:

1) оның ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз е т с і н ;

2) оны Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының бірінші орынбасары Ж.Ж.Ертілесоваға жүктелсін.

5. Осы бұйрық жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Төрағаның міндетін атқарушы*